



## БҰЙРЫҚ

2020 жыл 20 тамыздан

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 129

город Караганда

### «Бір отбасы-бір кітап» Акциясының облыстық іріктеу кезеңін өткізу туралы

Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында «Бір отбасы-бір кітап»  
Акциясының I жартыжылдығын қорытындылау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қатысушылар Акцияның I  
жартыжылдығын қорытындылау Ережесін басшылыққа алсын.

2. Акцияның I жартыжылдығын қорытындылау бойынша шығармашылық  
топ және әділқазылар алқасы құрылсын.

3. Акцияға жетекшілік ететін аудандық/қалалық білім бөлімдерінің  
әдіскерлері және мамандандырылған мектеп-интернаттардың жауапты тұлғалары:

1) қала/аудан және мамандандырылған мектеп-интернаттар өз іштерінде  
облыстық кезеңге іріктеу шараларын өткізуді;

2) қатысушы отбасыларына, оқушыларға әдістемелік және тәжірибелік көмек  
көрсетуді ұйымдастырсын.

4. Оқу-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру  
бөлімінің меңгерушісі (Г. Мукашеваға), әдіскер (Г.Жаркееваға) Акцияның I  
жартыжылдығын қорытындылау жұмыстарын ұйымдастыру мен әдістемелік қолдау  
көрсету жұмыстары тапсырылсын.

5. Жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті құралдармен  
қамтамасыз ету БД ОӘО директорының орынбасары Е.Ариновке жүктелсін.

6. Қала/аудан білім бөлімдерінің басшылары және мамандандырылған  
мектеп-интернаттардың директорлары шараға қатысушылар мен көрермендердің  
қатысуын қамтамасыз етсін.

7. Бұйрықтың орындалуын қадағалау мектепке дейінгі және жалпы орта білім  
беру бөлімінің меңгерушісі Г. Мукашеваға жүктелсін.

Директордың м.а.

Б. Абдикерова

Таныстым

Г.Мукашева